


## Итак:

- 1** Емдеуші дәрігер-онкологтан №88/у формасын алу керек. Ол АЗ форматының жартысы сияқты болып көрінеді.
- 2** Форманың кейбір бөлігін дәрігердің өзі толтырады және қандай дәрігерлерге көріну керек екенін жазады.
- 3** Барлық дәрігерлерге көріну және қажетті анализдерді тапсыру мерзімі шектелген. Алдымен дәрігерден Медико-Әлуметтік Сараптама комиссиясының отырысы (ары қарай – комиссия) болатын ең жақын күнді біліп алған жөн. Сол комиссия мүгедіктікті, нақтырақ айтқанда оның дәрежесін белгілейді – барлығы I, II және III топтары болады.
- 4** Соңғы анализдер – жалпы және биохимиялық қан, жалпы зәр және ерекше анализдер, мысалы онкомаркерлер - комиссия отырысына дейін бір ай аспайтын уақытта тапсырылуы керек. Алдымен отырыстың қай күні болатынын біліп алып, емдеуші дәрігерден комиссияның қабылдауына жазып қоюын сұрау қажет (телефон шалып, өзіңіз туралы есіне салып тұру керек). №88/у формасын ашқан уақыттан бастап шамамен екі жеті арасында барлық дәрігерлердің қабылдау жазбаларын формаға жаздыру керек.

- 5** **Өте маңызды!**  - барлық сондай жазбалар амбулаторлық картаға тиісті күні және қолтаңбаларымен қайталанып жазылуы тиіс.
- 6** Барлық анализдардың, тексерулердің нәтижелерінің көшірмелерін жасау керек. Комиссияға көшірмелер салған файлды өзімен міндетті түрде бірге алып бару керек.
- 7** Комиссия қабылдауына дайындау керек:
  - жеке куәлік және оның көшірмесі;
  - барлық мөрлер басылған еңбек кітапшасы және оның көшірмесі;
  - тексерулер нәтижелері және олардың көшірмелері;
  - ауру тарихынан, мамандардың қорытындысынан үзінді;
  - аурухананың медициналық амбулаторлық карточкалары;
  - мекенжай анықтамасы.

## Пайдалы ақпарат:

Инвиво және Инвитро компанияларында бонустық бағдарламалар жұмыс істейді және мүгедектерге арналған жеңілдік қарастырылған.

Жарокова - Басеновадағы ЖИТС – орталығында АИТВ–қа тегін тапсыруға болады. Күндізгі стационарда химиотерапия алғанда лейкоциттерге анализ тапсыру қажет болса, мұндай анализді экспресс-зертханада тапсыруға болады.

Мүгедектік туралы - egov  
[http://egov.kz/cms/ru/services/pass159\\_mtszn](http://egov.kz/cms/ru/services/pass159_mtszn)



## Біз осы парақшаны неліктен жасадық?

Ия, ресми ақпаратты  
[www.egov.kz](http://www.egov.kz) сайтынан  
көре аласыз.

Бірақ біз бұл парақшада  
онкологиялық сырқаты  
бар адамдарға іс-әрекет  
алгоритмін жаздық,  
ең маңыздысы адам  
өзінің жағыдайында  
барлығын түсініп,  
дұрыс әрекет жасай  
алатындай етіп  
қарапайым түрде  
жасадық.



# МҮГЕДЕКТІК

Алматы 2018